

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сәтбаев университеті

Кибернетика және ақпараттық технологиялар институты

Киберқауіпсіздік, ақпаратты өңдеу және сақтау кафедрасы

Қондыбаев Арнай Әріпұлы

«Деректерді талдау және тіршілік саласындағы үлгілерді әзірлеу»

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

5B070300 – «Ақпараттық жүйелер» мамандығы

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сәтбаев университеті

Кибернетика және ақпараттық технологиялар институты

Киберқауіпсіздік, ақпаратты өңдеу және сақтау кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

КАӨЖС кафедрасы меңгерушісі
техн. ғыл. канд, ассистент-
профессор

_____ Н.А. Сейлова
«__» _____ 2020 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Деректерді талдау және тіршілік саласындағы үлгілерді әзірлеу»

5B070300 – «Ақпараттық жүйелер» мамандығы

Орындаған

Қондыбаев А.Ә.

Ғылыми жетекші
техн.ғыл.магистрі, лектор
_____ А.Н.Дүйсенбаева
«__» _____ 2020 ж.

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сәтбаев университеті

Кибернетика және ақпараттық технологиялар институты

Киберқауіпсіздік, ақпаратты өңдеу және сақтау кафедрасы

5B070300 – Ақпараттық жүйелер

БЕКІТЕМІН

КАӨЖС кафедрасы меңгерушісі
техн. ғыл. канд, ассистент-
профессор

_____ Н.А. Сейлова
«__» _____ 2020 ж.

**Дипломдық жұмысты орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Қондыбаев Арнай Әріпұлы

Жобаның тақырыбы: «Деректерді талдау және тіршілік саласындағы үлгілерді
әзірлеу»

Университет Ректорының «27» қаңтар 2020 жылғы № 762-б бұйрығымен
бекітілген.

Орындалған жұмыстың өткізу мерзімі «27» мамыр 2020 ж.

Дипломдық жұмыстың бастапқы мәліметтері: берілген тақырып бойынша
әдебиеттерге шолу кезінде жиналған мәліметтер, теориялық материалдар жинау.

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

- а) пәндік саланы зерттеу
- ә) деректерді талдау, болжау әдістерін қолдану
- б) веб-бағдарлама құру.

Графикалық материалдардың тізімі (міндетті түрде қажет сызбалар көрсетілген)

Графикалық материалдары 15 слайдпен көрсетілген

Негізгі әдебиет 10 атаудан тұрады.

Дипломдық жұмысты даярлау
КЕСТЕСІ

Бөлім атаулары, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге, кеңесшілерге өткізу мерзімі	Ескерту
Пәндік саланы зерттеу	10.01.2020-08.02.2020	
Деректерді талдау, болжау әдістерін қолдану	05.02.2020-10.03.2020	
Веб-бағдарлама құру	11.03.2020-28.04.2020	

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жұмысқа қойған
қолтаңбалары

Бөлімдердің атауы	Кеңесшілер (аты-жөні, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған мерзімі	Қолы
Норма бақылаушы	А.Н.Дүйсенбаева, техн.ғыл.магистрі, лектор		
Программалық қамтама бақылаушы	М.А.Кабдуллин, ассистент		

Ғылыми жетекшісі _____ А.Н.Дүйсенбаева

Тапсырманы орындауға қабылдаған білім алушы _____ А.Ә.Қондыбаев

Күні «27» қаңтар 2020 ж.

Протокол анализа Отчета подобия

заведующего кафедрой / начальника структурного подразделения

Заведующий кафедрой / начальник структурного подразделения заявляет, что ознакомился(-ась) с Полным отчетом подобия, который был сгенерирован Системой выявления и предотвращения плагиата в отношении работы:

Автор: Кондыбаев Арнай

Название: Анализ данных и разработка моделей в сфере жизнедеятельности

Координатор: Асемгуль Дуйсенбаева

Коэффициент подобия 1:2,1

Коэффициент подобия 2:0,7

Замена букв:0

Интервалы:0

Микропробелы:0

Белые знаки:0

После анализа отчета подобия заведующий кафедрой / начальник структурного подразделения констатирует следующее:

- обнаруженные в работе заимствования являются добросовестными и не обладают признаками плагиата. В связи с чем, работа признается самостоятельной и допускается к защите;
- обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, но их чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть вновь отредактирована с целью ограничения заимствований;
- обнаруженные в работе заимствования являются недобросовестными и обладают признаками плагиата, или в ней содержатся преднамеренные искажения текста, указывающие на попытки сокрытия недобросовестных заимствований. В связи с чем, работа не допускается к защите.

Обоснование:

.....
.....
.....
.....
.....

.....
Дата

.....
*Подпись заведующего кафедрой /
начальника структурного подразделения*

Окончательное решение в отношении допуска к защите, включая обоснование:

.....
.....
.....
.....
.....

.....
Дата

.....
*Подпись заведующего кафедрой /
начальника структурного подразделения*

Протокол анализа Отчета подобия Научным руководителем

Заявляю, что я ознакомился(-ась) с Полным отчетом подобия, который был сгенерирован Системой выявления и предотвращения плагиата в отношении работы:

Автор: Кондыбаев Арнай

Название: Анализ данных и разработка моделей в сфере жизнедеятельности

Координатор: Асемгуль Дуйсенбаева

Коэффициент подобия 1:2,1

Коэффициент подобия 2:0,7

Замена букв:0

Интервалы:0

Микропробелы:0

Белые знаки: 0

После анализа Отчета подобия констатирую следующее:

обнаруженные в работе заимствования являются добросовестными и не обладают признаками плагиата. В связи с чем, признаю работу самостоятельной и допускаю ее к защите;

обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, но их чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть вновь отредактирована с целью ограничения заимствований;

обнаруженные в работе заимствования являются недобросовестными и обладают признаками плагиата, или в ней содержатся преднамеренные искажения текста, указывающие на попытки сокрытия недобросовестных заимствований. В связи с чем, не допускаю работу к защите.

Обоснование:

.....
.....
.....
.....
.....

.....
Дата

.....
Подпись Научного руководителя

НАЗВАНИЕ:

Анализ данных и разработка моделей в сфере жизнедеятельности

АВТОР:

Кондыбаев Арнай

НАУЧНЫЙ РУКОВОДИТЕЛЬ:

Асемгуль Дуйсенбаева

ПОДРАЗДЕЛЕНИЕ:

ИКиИТ

ДАТА ЗАГРУЗКИ ДОКУМЕНТА:

2020-05-22 14:52:18


ЧИСЛО ПРОВЕРЕК ДОКУМЕНТА:

1

ПРОПУЩЕННЫЕ ВЕБ-СТРАНИЦЫ:

Уровень заимствований

Обратите внимание! Высокие значения коэффициентов не означают плагиат. Отчет должен быть проанализирован экспертом



Предупреждение и сигналы тревоги

В этом разделе вы найдете информацию, касающуюся манипуляций в тексте, с целью изменить результаты проверки. Для того, кто оценивает работу на бумажном носителе или в электронном формате, манипуляции могут быть невидимы (может быть также целенаправленное вписывание ошибок). Следует оценить, являются ли изменения преднамеренными или нет.

Замена букв

0 показать в тексте

Использование символов из другого алфавита - может указывать на способ обойти систему, поэтому следует установить их использование.

Интервалы

0 показать в тексте

Количество увеличенного расстояния между буквами (просим определить является ли расстояние имитацией пробела, так как исходно слова могут быть написаны слитно).

Микропробелы

0 показать в тексте

Количество пробелов с нулевым размером - необходимо проверить влияют ли они на неправильное разделение слов в тексте.

Количество символов, выделенных белым цветом, пожалуйста, проверьте не используются ли белые символы вместо пробела, соединяя слова (в отчете подобия система изменяет автоматически цвет букв в черный, чтобы их сделать видимыми).

Займствования по списку источников

Просмотрите список и проанализируйте, в особенности, те фрагменты, которые превышают КП №2 (выделенные жирным шрифтом). Используйте ссылку «Обозначить фрагмент» и посмотрите, являются ли выделенные фрагменты повтояющимися короткими фразами, разбросанными в документе (совпадающие сходства), многочисленными короткими фразами расположенные рядом друг с другом (парафразирование) или обширными фрагментами без указания источника ("криптоцитаты").

10 самых длинных фраз (2,10 %)

Десять самых длинных фрагментов найденных во всех доступных ресурсах.

ПОРЯДКОВЫЙ НОМЕР	НАЗВАНИЕ И АДРЕС ИСТОЧНИКА URL (НАЗВАНИЕ АВТОР БАЗЫ)		КОЛИЧЕСТВО ИДЕНТИЧНЫХ СЛОВ	УДАЛИТЬ ВСЕ ОБОЗНАЧЕНИЯ
1	https://kznews.kz/lifestyle/pm2-5bolshekteri-degen-ne-densaulыq-bi-lim/		26	показать в 0,68 % тексте
2	https://kznews.kz/lifestyle/pm2-5bolshekteri-degen-ne-densaulыq-bi-lim/		23	показать в 0,60 % тексте
3	"Ақылды уй" WEB қосымшасын жасау Satbayev University (ИКиИТ)	Бақытбек М	15	показать в 0,39 % тексте
4	ИССЛЕДОВАНИЕ СРЕДСТВ И МЕТОДОВ ПРОЕКТИРОВАНИЯ И РЕАЛИЗАЦИИ МОБИЛЬНЫХ ПРИЛОЖЕНИЙ ДЛЯ СМАРТФОНОВ И ПЛАНШЕТОВ Kazakh University of Economics, Finance and International Trade (КУЕФИТ) (ФАКУЛЬТЕТ ПОСЛЕВУЗОВСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ)	kanat_nuger77@mail.ru kanat_nuger77@mail.ru	11	показать в 0,29 % тексте
5	https://kznews.kz/lifestyle/pm2-5bolshekteri-degen-ne-densaulыq-bi-lim/		5	показать в 0,13 % тексте

из базы данных RefBooks (0,00 %)

Все фрагменты найдены в базе данных RefBooks, которая содержит более 3 миллионов текстов от редакторов и авторов.

ПОРЯДКОВЫЙ НОМЕР	НАЗВАНИЕ	АВТОР	КОЛИЧЕСТВО ИДЕНТИЧНЫХ СЛОВ (КОЛИЧЕСТВО ФРАГМЕНТОВ)	УДАЛИТЬ ВСЕ ОБОЗНАЧЕНИЯ
---------------------	----------	-------	--	---

ЗАИМСТВОВАНИЙ НЕ НАЙДЕНО

из домашней базы данных (0,39 %)

Все фрагменты найдены в базе данных вашего университета.

ПОРЯДКОВЫЙ НОМЕР	НАЗВАНИЕ	АВТОР	ДАТА ИНДЕКСАЦИИ	ИДЕНТИЧНЫХ СЛОВ (ФРАГМЕНТОВ)	УДАЛИТЬ ВСЕ ОБОЗНАЧЕНИЯ
---------------------	----------	-------	--------------------	------------------------------------	---

1	"Акылды уй" WEB жасау тексте Satbayev University (ИКиИТ)	Бақытбек М	2019-05-14	15 (1) 0,39 %	показать в косымшасын
---	--	------------	------------	---------------	---

из программы обмена базами данных (0,29 %)

Все фрагменты найдены в базе данных других университетов.

ПОРЯДКОВЫЙ НОМЕР	НАЗВАНИЕ НАЗВАНИЕ БАЗЫ ДАННЫХ	АВТОР	ДАТА ИНДЕКСАЦИИ	КОЛИЧЕСТВО ИДЕНТИЧНЫХ СЛОВ (КОЛИЧЕСТВО ФРАГМЕНТОВ)	УДАЛИТЬ ВСЕ ОБОЗНАЧЕНИЯ
---------------------	-------------------------------------	-------	--------------------	--	---

1	ИССЛЕДОВАНИЕ СРЕДСТВ И МЕТОДОВ ПРОЕКТИРОВАНИЯ И РЕАЛИЗАЦИИ МОБИЛЬНЫХ ПРИЛОЖЕНИЙ ДЛЯ СМАРТФОНОВ И ПЛАНШЕТОВ Kazakh University of Economics, Finance and International Trade (КУЭФИ) (ФАКУЛЬТЕТ ЭКОНОМИКИ И ФИНАНСОВ)	kanat_nuger77@mail.ru kanat_nuger77@mail.ru	2017-06-12	11 (1) 0,29 %	показать в тексте
---	---	--	------------	---------------	---------------------------------------

из интернета (1,41 %)

Все фрагменты найдены в глобальных интернет-ресурсах открытого доступа.

ПОРЯДКОВЫЙ НОМЕР	ИСТОЧНИК URL	ИДЕНТИЧНЫХ СЛОВ (ФРАГМЕНТОВ)	УДАЛИТЬ ВСЕ ОБОЗНАЧЕНИЯ
---------------------	--------------	------------------------------------	---

1	https://kznews.kz/lifestyle/pm2-5-bolshekteri-degen-ne-dens-aulyq-bilim/	54 (3) 1,41 %	показать в тексте
---	---	---------------	---------------------------------------

АНДАТПА

Тақырыбы: Деректерді талдау және тіршілік саласындағы үлгілерді әзірлеу.

Дипломдық жұмыстың көлемі 45 бет, оның ішінде 39 сурет пайдаланылған. Түйінді сөздер: деректерді талдау және болжау моделін жасау.

Дипломдық жұмыстың мақсаты: Алматы қаласының ауа құрамындағы ұсақ дисперсті шаңдардың сақталған деректерін талдап, болжау моделін құру болып табылады.

Python бағдарламалау тілі деректерді талдау, болжам жасау және нәтижелерін шығаратын веб-бағдарлама жасау үшін қолданылды. Талдауда airkaz.org сайтынан жүктеп алынған деректер қолданылды. Веб-бағдарлама, қазіргі кездегі ең ыңғайлы фреймворктардың бірі - Django фреймворкында, тегін орнатылатын Atom мәтіндік редакторы арқылы жасалды.

АННОТАЦИЯ

Тема: Анализ данных и разработка моделей в сфере жизнедеятельности.

Объем дипломной работы 45 страниц, включая 39 рисунков. Ключевые слова: анализ данных и создание модели прогнозирования.

Целью дипломной работы является создание модели прогнозирования и анализ данных мелкодисперсной пыли в воздухе города Алматы.

Язык программирования Python использовался для анализа данных, прогнозирования и создания веб-приложения для вывода результатов. В анализе использовались данные, загруженные с airkaz.org. Веб-приложение было создано в среде Django, одной из самых удобных сред для разработки доступных сегодня, с использованием бесплатного текстового редактора Atom.

ABSTRACT

Theme: Data analysis and development of models in the field of life activity.

The volume of the thesis 45 pages, including 39 pictures. Keywords: data analysis and creation of a forecasting model.

The purpose of the thesis is to create a forecasting model and analyze data on fine dust in the air of Almaty.

The Python programming language was used for data analysis, forecasting and to create a web application for output of results. The analysis used data downloaded from airkaz.org. The web application was created in Django, one of the most convenient development environments available today, using the free Atom text editor.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	9
1 Пәндік саланы зерттеу	10
1.1 Әзірленетін жүйенің өзектілігі	10
1.2 Ауа құрамындағы ұсақ дисперсті бөлшектерге түсініктеме	11
2 Әдістерге және технологияларға шолу	13
2.1 Деректерді талдау ұғымына шолу	13
2.2 Машиналық оқыту және оның экология саласында қолданысы	14
2.3 Қолданылған бағдарламалық қамтамаларды таңдау негізі	15
3 Практикалық бөлім	17
3.1 Деректерді бастапқы талдау	17
3.2 Деректерді визуализациялау	21
3.3 Сызықтық регрессия моделімен болжам жасау және нәтиже шығару	28
3.4 Веб-бағдарлама жасау	31
ҚОРЫТЫНДЫ	34
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	35
А қосымшасы	36

КІРІСПЕ

Жердегі экологиялық жағдай үнемі өзгеріп отырады. Оған күн белсенділігінен бастап тірі ағзаларға дейінгі көптеген факторлар әсер етеді. Қазіргі кезде қоршаған ортаның негізгі ластаушы факторы - адамның жауапсыз әрекеттері.

Жылдам экономикалық даму, табиғи ресурстарды тиімсіз пайдалану, экологиялық нормалардың сақталмауы Қазақстанның көп жерінде қоршаған орта жағдайының нашарлауына әкеліп соқты. Алматы қаласында экономиканың және халық санының тұрақты өсімі, көлік санына және энергияға сұранысты арттырды. Бастапқыда 1990 жылы ішкі инфрақұрылымы кем дегенде миллион адамға есептелген болатын, бірақ адамдардың көші-қон толқындарының әсерінен қазір халық саны шамамен 1,9 миллион адамға жетті. Осының нәтижесінде, Алматы қаласы қазіргі кезде ауа құрамы жағынан лас қалалардың бірі. Бұл мәселені шешуде, зерттеу жүргізуге ғалымдарға нақты деректердің жетіспеушілігі туып отыр. Себебі, Алматыда 2017 жылға дейін ауа құрамын қадағалайтын датчиктер орнатылмаған. «Таза ауа Алматы» тобының мүшесі Павел Александров 2017 жылы ауадағы ұсақ дисперсті шаңдардың мөлшерін анықтайтын 16 датчик және 2018 жылы 8 қосымша датчиктер іске қосты. Бұл датчиктердің көбісі бүгінгі күнге дейін ауа құрамын өлшеп, деректерін сақтауда.

Датчиктердің жұмыс істеген уақыт аралығын, яғни, 2017 жылдың 22 наурызынан бастап 2020 жылдың 14 сәуір айына дейінгі сақталған мәліметтерді пайдаланып, IT-технологиялардың дамуы арқасында деректерді талдап және келешекте ұсақ дисперсті шаңдардың мөлшеріне болжау жасай аламыз.

Дипломдық жұмыстың мақсаты Алматы қаласының ауа құрамындағы ұсақ дисперсті шаңдардың сақталған деректерін талдап, болжау моделін құру болып табылады. Осы жұмыстың нәтижелері зерттеушілерге, қала инфраструктурасын жоспарлаушыларға ластаушы факторларды анықтауда, және шешуде үлкен пайдасын тигізуі мүмкін. Қала тұрғындары да нәтижелерге ашық түрде қол жеткізуге мүмкіндік алатын болады.

1 Пәндік саланы зерттеу

1.1 Әзірленетін жүйенің өзектілігі

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы соңғы жылдардың қарқынды технологиялық эволюциясы әр түрлі мақсаттағы деректер мұрағаттарын жинақтауды және тұрақты толықтыруды қолдайтын дамыған бағдарламалық инфрақұрылым бөлігінде елеулі үлес қалыптастыруға мүмкіндік берді. Адами қызметтің түрлі салаларында шиеленісіп бара жатқан бәсекелестік күрес және сыртқы ортаның күрделілігі, басқарушылық шешімдерді қабылдаудың негізділігі мен жеделдігін арттыру үшін қолда бар деректерді сараптамалық пайдалануға аса талап етілетін тәсілдерді жасайды. Бұл ретте бүгінгі күні нақты пәндік саланың ерекшеліктерін, компьютерлік ғылымдарды қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың ерекшелігін ескермей, жақсы пысықталған және белгілі ықтималдық теориясының аппаратын немесе математикалық статистиканы тікелей тиімді қолдану мүмкін емес.

Әлеуметтік және экономикалық жүйелерде шешімдер қабылдауды қолдауды ұйымдастыру үшін қолданылатын ақпараттық технологиялардың ең перспективті бағыты қазіргі уақытта деректерді талдау болып табылады. Бұл сандық болжау, жіктеу, кластерлеу және ассоциативті талдау есептерін шешу үшін қолданылатын жасанды интеллект, математикалық статистика және машиналық оқыту элементтерін қамтитын пәнаралық бағыт болғандықтан осы дипломдық тақырыпты таңдауымның негізгі себебі болды.

Деректерді зияткерлік талдау принциптері көптеген жылдар бойы белгілі, бірақ, үлкен деректер пайда болған кезде олар кеңінен таралды. Әр түрлі өмір салаларында қолданысы қателіктерді айқындауға, олардың түсінікті түрде визуализациясын көруге және көптеген шығын көздерін азайтуға мүмкіндік берді. Осы жағымды жақтарын қарастыра келе, экология саласында қолданыс өзектілігі артты. Сол себепті, Қазақстанның мегаполисі Алматы қаласының ауасын ластайтын факторларды айқындауға негізделген дипломдық жұмыс жасалды. Үлкен деректердің зерттеулерде, нәтижелерді бақылауда маңыздылығы үлесі зор екенін ескерсек, ауа құрамы аз уақыт аралығында зерттелгені, басқа қалаларда бақылайтын құрылғылардың мүлдем болмауы, осы салаға көңіл бөлу қажеттілігін туындатады.

Қазақстан халық санының қарқынды өсуі қалалардың экологиясын қадағалауды қажет етеді. Әр түрлі деректерді сақтайтын құрылғыларды орнату, деректерді талдау әдістерін енгізу қала жағдайын қадағалауға, болашақта туындайтын экологиялық проблемалардың алдын алуға мүмкіндік береді. Бастапқыда бірнеше жыл деректерді сақтау қажеттілігі бар, сол себепті шаралар ерте орындалса, уақыт өте келе талдау нәтижелерінің дәлдігі артатын болады.

1.2 Ауа құрамындағы ұсақ дисперсті бөлшектерге түсініктеме

«PM2.5» бөлшектер - диаметрі 2.5 мкм немесе одан да кіші зат бөлшектерін айтады. Жалпы «PM2.5» бөлшектері ұсақ дисперсті деп сипатталады. Мысалға, адамның 1 дана шашында, яғни қалыңдығы 100мкм шашта шамамен 40 ұсақ дисперсті бөлшектерді орналастыруға болады. Бұл мөлшердегі бөлшектер шаңның көп бөлігін құрайды және мұрынға, ауызға немесе тамаққа енетін үлкен бөлшектерге қарағанда өкпеге кедергісіз терең енеді. Бөлшектер ауада ұзақ уақыт тұрып, жаңбыр немесе қар жауғанда ғана басылуы мүмкін.

Ұсақ дисперсті шаңдардың шығу тегі бойынша екіге бөлінеді:

- Бастапқы - күйенің, асфальттың және автомобиль жамылғысының ұсақ кесектері, минералды тұздардың бөлшектері(сульфаттар, нитраттар), ауыр металдардың қосындылары (негізінен оксидтер), биологиялық ластағыштар (кейбір аллергиялар мен микроорганизмдер).

- Екінші ретті - тікелей атмосферада қалыптасады. Мысалы: қалалық ауаға азот және күкірт оксидтері шығарылады, сумен жанасқан кезде олар қышқылдар түзеді, ал олардан тұздардың қатты бөлшектері (нитраттар мен сульфаттар) алынады.

Атмосфералық ауаның ластануының әсері жүректің ишемиялық ауруының, цереброваскулярлық аурулардың, өкпе обырының, өкпенің созылмалы обструктивті ауруының және төменгі тыныс алу жолдарының инфекцияларының жоғары қауіпі нәтижесінде өлім мен ауруға шалдығуды арттырады. 2018 жылғы зерттеулерде Киев, Алматы және Бакуда 1000 адамға шаққанда «тыныс алу сырылы» симптомдарының таралуы 74.4, 254.8, 123.4 құрады. Алматыда Баку, Киевпен салыстырғанда бұл ауру түрлерінің таралуы 2-3 есе көп. 2013 жылы Дүниежүзілік банктың есептеуінше, ауаның «PM2.5» бөлшектерімен ластануы Алматыда денсаулық сақтауға арналған қосымша шығындарға байланысты 486 миллион доллар мөлшеріндегі жыл сайынғы экономикалық шығындарға алып келген.

Соңғы ғылыми мәліметтерге сәйкес, ластанудың денсаулыққа әсер ететін ең төменгі шегі 51 мкг/куб.м басталады (1-сурет). Ластанған ауаның денсаулыққа тигізетін әсері:

- қанға зиянды заттармен улану (мысалы, қорғасын, кадмий, мырыш);
- аллергиялық реакциялар немесе тітіркендіргіштерге жоғары сезімталдық (мысалы, ағаш шаңы, ұсақ ұнтақтар, химиялық заттар);
- бактериялық және саңырауқұлақ инфекциясы;
- фиброз (мысалы, асбест, кварц);
- рак (мысалы, асбест, хроматтар);
- шырышты тітіркену (мысалы, қышқылдар мен сілтілік металдар);
- респираторлық аурулардың белгілерінің күшеюі, күрделі астма және мезгілсіз өлім. Жоғары қауіпке ие топтар: қарттар мен балалар.

0-50	Халықтың барлық тобына ешқандай әсері жоқ
51-100	Халықтың сезімтал тобына әсері бар
101-150	Аллергиктар мен тыныс алу жолдары ауруына шалдыққан адамдар қауіп аймағында
151-200	Барлық халық топтары қауіп аймағында
201-500	Ұзақ тыныс алу күрделі ауруларға шалдықтырады

1 Сурет – «PM2.5» мөлшерінің әсері

Ірі қалалардың атмосферасында кездесетін ұсақ шаңның химиялық құрамы әртүрлі болуы мүмкін. Олар көліктер санына, құрылыс алаңдары мен әртүрлі өнеркәсіп сияқты бірнеше факторларға байланысты болады.

Көптеген зауыттар өнеркәсіптік сүзгілермен жабдықталған, бірақ олар ауаны толығымен тазартпайды және кейбір зиянды заттар атмосфераға түсетіні сөзсіз.

Көлік доңғалақтары асфальтпен үйкелген кезде ұсақ үгінділерге айналады, жолдың беткі қабаты да зақымдалады. Күн сайын миллиондаған автомобильдер жол бойымен жүреді. Өздеріңіз білетіндей, жолдардың өздері сапалы емес: шұңқырлар мен соққылар көп болған сайын асфальт тез тозады. Соның нәтижесінде ұсақ шаң ауаға көтеріліп, ол тек жолдың бойында ғана тұрмай, жел арқылы одан әрі көтеріліп алысқа таралады. Бұған қосымша: бензин мен дизель отынының шығатын газдары, суықта қатпайтын шыны жуатын сұйықтықтардың буы таралады.

Ұсақ дисперсті бөлшектер табиғи жолмен де болуы мүмкін: жұқа жанартау күлі, орман мен шымтезек өрттері, өсімдіктермен жабылмаған топырақтың шаңы және антропогендік жолмен: қаладан тыс жерде болса да зауыттардың шығарындылары (қоқысты жағу, асфальт және цемент, жиһаз зауыттары, химиялық өндіріс).

2 Әдістерге және технологияларға шолу

2.1 Деректерді талдау ұғымына шолу

Data Science - деректерді талдау және олардан құнды ақпарат, білім алу әдістері туралы ғылым. Ол машиналық оқыту (Machine Learning) және ойлау туралы ғылым (Cognitive Science) және үлкен деректермен жұмыс істеу технологиялары (Big Data) сияқты салалармен тығыз байланысты. Себебі, өзінде статистикалық, жасанды интеллект және деректерді интеллектуалды талдау методтарын біріктіреді.

Big Data - бұл үлкен көлемдер мен әртүрліліктің құрылымдалған және құрылымдалмаған деректері, сондай-ақ ақпаратты таратуға талдау жасауға мүмкіндік беретін өңдеу әдістері. Мамандардың айтуынша, Big data санатына күніне 100 Гб астам деректер ағындарының көпшілігі жатады.

Big Data туралы айтқан кезде үш V ережесі қатар жүреді. Ол үлкен деректерде болуға тиіс белгілер немесе қасиеттер:

1. Volume - көлем (деректер құжаттардың нақты көлемінің шамасы бойынша өлшенеді).

2. Velocity - Жылдамдық(деректер үнемі жаңартылып отырады , бұл олардың тұрақты өңделуін талап етеді) .

3. Variety - Алуан түрлілік(әртүрлі деректер бірдей емес форматтары болуы мүмкін, құрылымдалмаған немесе ішінара құрылымдалған болуы мүмкін). Мысалға, видео және аудио немесе картинка.

Технологиялардың тоқтаусыз дамуы кезінде адам көптеген деректерді генерациялады.Негізінен үлкен деректер көздеріне жататындар:

- Интернет- әлеуметтік желілер, блогтар, БАҚ, форумдар, сайттар, т.б.

- Корпоративтік деректер — транзакциялық іскерлік ақпарат, архивтер, деректер базасы.

- Датчиктер - құрылғылардың, аспаптардың көрсеткіштері , сондай-ақ метеорологиялық деректер, ұялы байланыс және т. б. мәліметтер.

Big data қолданылатын ірі салаларға мысал:

- Денсаулық сақтау. Аурулар туралы көбірек білім, емдеудің көп нұсқалары, дәрілік препараттар туралы көбірек ақпарат – осының барлығы 40-50 жыл бұрын емделмейтін деп саналған аурулармен күресуге мүмкіндік береді.

- Табиғи және техногендік апаттардың алдын алу. Бұл саладағы ең нақты болжам мыңдаған адамның өмірін құтқарады. Интеллектуалды машиналардың міндеті датчиктердің көптеген көрсеткіштерін жинау және өңдеу және олардың негізінде адамдарға мүмкін болатын катаклизмнің күні мен орнын анықтауға көмектесу.

- Маркетинг. Брендтің, өнімнің, қызметтің даму бағытын барынша нақтылау. Коммерциялық ұсыныстарын тек мақсатты аудиторияға ұсыну, тиімді жарнамалау.

Бұрын компьютерлер бағдарламалау арқылы жаңа мүмкіндіктер алатын. Адам өзі күтетін нәтижеге алып келетіндей, машинаға түсінікті жұмыс алгоритмдерін жасап келді. IT-технологиялар дамуының нәтижесінде бұл тәсіл ескіріп, қолдануға тиімсіз деп саналды.

Қазіргі кезде ақпараттың үлкен массивтерін талдаудың негізгі тәсілдеріне мыналар жатады:

1. Терең талдау.
2. Краудсорсинг.
3. Сплит-тестілеу.
4. Болжау.
5. Машиналық оқыту.

2.2 Машиналық оқыту және оның экология саласында қолданысы

Машиналық оқыту - белгілі ережелерді ұстанбай, деректердің негізінде компьютерге қорытынды жасауға мүмкіндік беретін алгоритмдерді айтамыз. Адам қызметінің әртүрлі салаларында күрделі кәсіби мәселелерді шешуді автоматтандыру мақсатында жұмыс істейді. Машиналық оқыту арқылы шешілетін классикалық есептер: классификация, кластерлеу, регрессия. Машиналық оқыту қосымшаларына мысал ретінде: сөйлеуді тану, қимылдарды тану, бейнелерді тану, техникалық диагностика, медициналық диагностика, уақытша қатарларды болжау жатады.

Үлкен мегаполистердегі экология мәселесі жылдан-жылға өзектілігі артып барады. Қазіргі кезде қаланың инфраструктурасын тиімді ұйымдастыру, ғалымдарға керек ақпараттарды жинау, экологияны жақсарту үшін машиналық оқыту кеңінен қолданылуда.

Барселона инфрақұрылымның ыңғайлылығы тұрғысынан ең озық мегаполистердің бірі болып саналады, онда қоқыс контейнерлерінде орнатылған арнайы ультрадыбыстық сенсорлар олардың толтырылу дәрежесін анықтайды. Желі бойынша ақпарат қоқысты жинауға жауапты коммуналдық қызметтердің ақпараттық жүйесіне жіберіледі. Осы мәліметтер негізінде қызметкерлер өз маршруттарын тиімді жоспарлайды және уақытында қоқыс бақтарын босатады. Осылайша, технологияларды енгізу нәтижесінде қоқыс жинайтын машиналардың маршруттары жасалынды, уақыты және қоқысты жинау кезінде арнайы техникамен шығындалатын отынға үнем жасалды, атмосфераға зиянды заттардың шығарындылары азайды.

Нью-Йорк саябақтарында өсіп келе жатқан 2,5 млн ағаштардың жағдайы туралы үлкен деректерді талдайтын машиналық оқыту негізіндегі ақпараттық жүйенің арқасында ірі бұтақтардың құлау оқиғаларының санын 22% - ға қысқартуға қол жеткізілді. Big Data технологиясы негізіндегі бағдарлама үлкен ағаштарды кесу және күту кестесін есептейді, бұл олардың дауылдар мен күшті желден зақымдану қаупін төмендетеді.

Сиднейде қалалық ауаның ластану деңгейін мониторингілеу және талдау үшін атмосфераның жай-күйі туралы үлкен деректерді жинайтын 14 арнайы сенсорлар орнатылған. Машиналық оқыту әдістері мен болжау алгоритмдері осы ақпаратты өңдеп және алдағы тәуліктегі ауа сапасының индексын есептейді. Бұл көрсеткіштің мәні бойынша жүйе штаттың әртүрлі аудандарында жақын арадағы 24 сағатқа ауаның ластану деңгейін болжайды. Бұл ақпарат тұрғындар мен өндірістік кәсіпорындарға ауа сапасын бағалауға және оны жақсарту бойынша шаралар қабылдауға мүмкіндік береді.

2.3 Қолданылған бағдарламалық қамтамаларды таңдау негізі

Деректерді талдау және болжам жасау үшін Python бағдарламалау тілі Jupyter Notebook ортасында қолданылды. Болжау нәтижесін және қазіргі уақыттағы деректерді көрсететін веб-бағдарлама Django фреймворкында тегін орнатылатын Atom мәтіндік редакторы арқылы жасалды.

Python - әзірлеушінің өнімділігін және кодтың оқылуын арттыруға бағытталған жалпы мақсаттағы жоғары деңгейлі бағдарламалау тілі. Python айналасындағы қауымдастық IT әлеміндегі ең мықтылардың бірі. Бұл күрделі жақсы ұйымдастырылған және үнемі дамып келе жатқан организм. Жүздеген мың жеке әзірлеушілер мен шағын софтверлік компаниялардан басқа, қолдайтындар: Google, Dropbox, Mozilla, Facebook, Yandex, Red Hat. Ең танымал Python қолдану бағыттары олар: веб-әзірлеу, машина оқыту, деректерді талдау және визуализация, процестерді автоматтандыру. Python ядросының синтаксисі минималды түрге келтірілген және оның кітапханалары машиналық оқыту, үлкен деректерді талдау индустриясының стандартына айналды. Бұл бағдарламалау тілінің машиналық оқытуда қолданылу негізгі себептерінің бірі, ол кодтың жазу процесін жеңілдететін және даму уақытын қысқартатын көптеген фреймворктарның болуы. Ғылыми есептеулерде - Numpy, жетілдірілген есептеулерде - SciPy, деректерді алу және талдауда - SciKitLearn қолданылады. Бұл кітапханалар TensorFlow, CNTK және Apache Spark сияқты фреймворктарда жұмыс істейді.

Jupyter Notebook - деректер туралы ғылым саласындағы жобаларды интерактивті әзірлеудің және ұсынудың қуатты құралы. Jupyter көптеген бағдарламалау тілдерін қолдайды, деректерді талдау үшін түрлі кітапханалар

орнатуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламада сіз Python тіліндегі бағдарламаларды әзірлей, құжаттай және орындай аласыз, ол екі компоненттен тұрады: браузерде іске қосылатын веб-бағдарлама және бағдарламаның бастапқы кодымен жұмыс істеуге, оны іске қосуға, деректерді және т. б. енгізуге және шығаруға болатын ноутбуктер, яғни файлдар. Веб қолданбасы кодты өңдеуге, синтаксис жарығымен, өздігіне абзац және өздігінен толтыру, браузерде кодты бастау, есептеу нәтижелерін медиа көрініспен көрсету (схемалар, кестелер), Markdown және LaTeX белгілеу тілімен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Django - Python-да жазылған веб-қосымшалар үшін тегін және тәуелсіз фреймворк. Фреймворк - веб-сайттарды тез және оңай әзірлеуге көмектесетін компоненттер жиынтығы. Django айналасында белсенді қоғамдастық тез қалыптасты. Фреймворк еріктілердің күшімен қарқынды дами бастады. Django жетістігінде осы фреймворк қолданған бірнеше танымал сайттар маңызды рөл атқарды. Олардың қатарына Pinterest, Dropbox, Spotify, The Washington Post сайты кіреді. Django бірқатар кемшіліктері бар фреймворк болып табылады, алайда ол жедел мерзімде проблемалардың кең тізбесін шешеді және орындаушыларды оңай табуға мүмкіндік береді. Сауатты пайдалану барынша пайда алуға және оның кемшіліктерінің кепіліне айналмауға мүмкіндік береді. Басты артықшылығы - ол еркін, тегін қолданыста болуы, бұл веб-әзірлеу процесін айтарлықтай жеңілдетеді.

3 Практикалық бөлім

3.1 Деректерді бастапқы талдау

Дипломдық жұмыста airkaz.org сайтынан 2017 жылдың наурыз айынан 2020 жылдың сәуір айына дейінгі Алматы қаласы бойынша PM2.5 бөлшектерінің шамалары сақталған деректер жүктеп алынды. Әр датчиктің координаталары мен көше аттары жазылған және 2019-2020 жылыту маусымында қала бойынша жұмсалған көмірдің шамалары бар.

Бастапқы талдауға керекті кітапханаларды импорттау:

1. Numpy көп өлшемді массивтерді өте тиімді өңдеуге мүмкіндік береді. Көптеген басқа кітапханалар Numpy негізінде құрылған және онсыз pandas, Matplotlib, SciPy немесе scikit-learn пайдалану мүмкін емес еді.

2. Pandas кітапханасы екі өлшемді кестелермен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

3. Деректерді визуалдау оларды көрнекі түрде көрсетуге, әдеттегі пішімде жасауға болатыннан неғұрлым егжей-тегжейлі зерделеуге және басқа адамдарға баяндауға мүмкіндік береді. Matplotlib - бұл мақсатқа арналған ең жақсы және ең танымал Python кітапханасы.

4. Seaborn - matplotlib кітапханасының негізіндегі жоғары деңгейлі API.

5. Folium - әмбебап карта жасау үшін қолданылады.

6. Datetime – датадан жыл, ай, күндерді алуға мүмкіндік береді.

```
import numpy as np
import datetime
import pandas as pd
import matplotlib.pyplot as plt
%matplotlib inline
import seaborn as sns
import warnings
warnings.filterwarnings("ignore")
import folium
from folium import plugins
```

3.1 Сурет - Кітапханаларды импорттау

Деректердің орналасқан орнын көрсетіп құжатты оқытамыз және df.info() - арқылы қысқаша мәлімет аламыз. 3.2 - суретте дата мен 13 датчиктың типтері көрсетілген 1115 жол бар екенін және бос деректердің жоқ екенін көреміз.


```
df = pd.read_excel("A:/Загрузки/ДИПЛОМ/pm.xlsx")
```

```
df.info()
```

```
<class 'pandas.core.frame.DataFrame'>  
RangeIndex: 1115 entries, 0 to 1114  
Data columns (total 13 columns):  
date      1115 non-null datetime64[ns]  
s1        1115 non-null float64  
s2        1115 non-null float64  
s3        1115 non-null float64  
s4        1115 non-null float64  
s5        1115 non-null float64  
s6        1115 non-null float64  
s7        1115 non-null float64  
s9        1115 non-null float64  
s12       1115 non-null float64  
s14       1115 non-null float64  
s16       1115 non-null float64  
s18       1115 non-null float64  
dtypes: datetime64[ns](1), float64(12)  
memory usage: 113.4 KB
```

3.2 Сурет - Қысқаша мәлімет шығару

```
df.head(2)
```

	date	s1	s2	s3	s4	s5	s6	s7	s9	s12	s14	s16	s18
0	2017-03-22	91.982979	91.982979	91.982979	91.982979	91.982979	91.982979	91.982979	91.982979	91.982979	91.982979	91.982979	91.982979
1	2017-03-23	84.649269	84.649269	84.649269	84.649269	84.649269	84.649269	84.649269	84.649269	84.649269	84.649269	84.649269	84.649269

```
df.tail(2)
```

	date	s1	s2	s3	s4	s5	s6	s7	s9	s12	s14	s16	s18
1113	2020-04-13	29.448156	29.812500	21.004172	26.392828	22.408078	18.579972	57.957550	21.414440	22.421419	26.892136	21.314505	24.255814
1114	2020-04-14	19.891911	26.120871	21.445372	32.027714	22.061892	17.652477	27.810153	20.568102	20.919637	23.809192	18.583449	15.511921

3.3 Сурет - Бастапқы және соңғы деректердің жолдары

Бастапқы және соңғы деректерді қарайтын болсақ, деректер шегі 2017 жылдың 22 наурыздан басталып 2020 жылдың 14 сәуір аяқталады (3.3-сурет). Дата талдау үшін бізге ыңғайсыз түрде, яғни жеке жыл, ай, күн бағандары жоқ және бізде барлық датчиктер бойынша бір күндік орташа мәндері жоқ екенін көреміз. Оларды қосу үшін `datetime` кітапханасы арқылы датадан жылды, айды және күндерді теріп аламыз (3.4-сурет), ал орташа мәнін `mean()` көмегімен шығарамыз (3.5-сурет).

```
year = df['date'].dt.year  
df['year'] = year  
  
month = df['date'].dt.month  
df['month'] = month  
  
day = df['date'].dt.day  
df['day'] = day  
  
df.head(2)
```

	s1	s2	s3	s4	s5	s6	s7	s9	s12	s14	s16	s18	average	year	month	day
982979	91.982979	91.982979	91.982979	91.982979	91.982979	91.982979	91.982979	91.982979	91.982979	91.982979	91.982979	91.982979	91.982979	2017	3	22
649269	84.649269	84.649269	84.649269	84.649269	84.649269	84.649269	84.649269	84.649269	84.649269	84.649269	84.649269	84.649269	84.649269	2017	3	23

3.4 Сурет - Жыл, ай, күн бағандарын қосу

```
col = df.loc[:, "s1": "s18"]
df['average'] = col.mean(axis=1)
df.head(2)
```

	date	s1	s2	s3	s4	s5	s6	s7	s9	s12	s14	s16	s18	average
0	2017-03-22	91.982979	91.982979	91.982979	91.982979	91.982979	91.982979	91.982979	91.982979	91.982979	91.982979	91.982979	91.982979	91.982979
1	2017-03-23	84.649269	84.649269	84.649269	84.649269	84.649269	84.649269	84.649269	84.649269	84.649269	84.649269	84.649269	84.649269	84.649269

3.5 Сурет - Орташа мәнін шығару

3.6-суретте әрбір баған бойынша мәлімет санын, орташа мәнін, стандартты ауытқуын, минимумын, максимумын, қосымша 25%, 50%, 75% шығарады. Әр датчиктің орташа жылдық мәндерін қарастырсақ «Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының» нормасынан 4-5 есе көп. Олардың пайымдауынша жылдық орташа мөлшері 10 мкг/куб.м , бір күндік орташа мөлшері 25 мкг/куб.м аспауы тиіс. Датчиктердің максималды мәндері 300 мкг/куб.м асып, тыныс алуға қауіпті деңгейге жеткен күндер бар екенін көрсетеді.

```
df17 = df[df.year==2017]
df17.describe()
```

	s1	s2	s3	s4	s5	s6	s7	s9	s12	s14	s16	s18
count	282.000000	282.000000	282.000000	282.000000	282.000000	282.000000	282.000000	282.000000	282.000000	282.000000	282.000000	282.000000
mean	59.802673	34.830458	42.670140	39.323406	40.101745	38.931571	61.021518	31.038805	24.108757	41.825870	51.660075	43.504359
std	48.613603	29.771333	36.341718	44.755919	41.429199	28.495082	52.609877	21.233095	15.769517	36.268958	54.757027	36.142442
min	4.964286	5.112117	10.118312	5.491803	5.169102	13.159308	7.835447	4.717836	4.395543	10.440476	8.681383	5.611111
25%	27.979748	16.186387	20.584486	15.949416	15.800836	21.979029	26.102450	16.006450	12.952599	21.078052	20.534562	20.396429
50%	40.852804	23.351656	28.005255	22.838960	24.337504	28.244605	38.276355	24.037090	19.862005	27.989219	28.644967	28.644967
75%	78.779040	43.236002	52.362376	38.070456	47.305759	43.834091	76.922540	38.846665	30.157489	49.429195	56.078798	51.521823
max	328.228216	191.421821	260.929812	338.377385	279.826963	196.340529	279.434028	126.039535	126.039535	252.142160	362.024322	222.684069

3.6 Сурет - 2017 жыл сипаттамасы

```
df18 = df[df.year==2018]
df18.describe()
```

	s1	s2	s3	s4	s5	s6	s7	s9	s12	s14	s16	s18
count	363.000000	363.000000	363.000000	363.000000	363.000000	363.000000	363.000000	363.000000	363.000000	363.000000	363.000000	363.000000
